

ҚАЗАҚСТАН ЕУРАЗИЯНЫҢ НЕГІЗГІ КӨЛІКТІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБЫНА АЙНАЛУДА. ЕЛІМІЗ АРҚЫЛЫ ҚЫТАЙ, ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ, РЕСЕЙ ЖӘНЕ ЕУРОПА АРАСЫНДАҒЫ АСА МАҢЫЗДЫ МАРШРУТТАР ӨТЕДІ. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ БІРНЕШЕ ЕСЕ ӨСТІ. ОСЫҒАН ОРАЙ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ САҚТАУ ҮШІН ЗАМАНАУИ ЖӘНЕ СЕНІМДІ ЛОКОМОТИВ ПАРКІ ҚАЖЕТ.

Асан ҰМБЕТОВ,
«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС
бас директорының орынбасары



№81 (3120)
03/10/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



ВТОРАЯ ЛИНИЯ ДОСТЫК – МОЙЫНТЫ ВСТУПИЛА В СТРОЙ

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев дал старт движению по второй линии железной дороги Достык – Мойынты в прямом эфире из Акорды. Открытие крупнейшей магистрали за годы независимости стало важнейшим событием для отечественной транспортно-логистической отрасли.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана – Алматы – Астана

Выступая на церемонии открытия и поздравляя участников VII Международного транспортно-логистического бизнес-форума New Silk Way, Глава государства отметил, что данный проект имеет стратегическое значение для всей страны.

– Мы становимся свидетелями открытия второй линии Достык – Мойынты, которая является исключительно важным инфраструктурным проектом. Несомненно, он придаст особый импульс развитию и повышению эффективности транспортно-логистической системы Казахстана. 35 лет назад был запущен проект «Достык – Алашанькоу», ставший историческим событием для нашей страны. Сегодня мы продолжаем эти традиции и выходим на новый уровень сотрудничества. Казахстан всегда был золотым мостом между Китаем и Европой, и наша роль только укрепляется, – подчеркнул Президент.

По словам Касым-Жомарта Токаева, новая железнодорожная магистраль стала крупнейшей за годы независимости. Благодаря самоотверженному труду железнодорожников, которые почти три года работали без выходных, дорога введена в эксплуатацию досрочно.

– Это поистине исторический момент, результат упорного труда тысяч людей. Новая линия позволит увеличить объемы грузоперевозок в пять раз, сократить сроки доставки экспортной продукции и укрепить транзитный потенциал страны. От всей души поздравляю всех железнодорожников и выражаю огромную благодарность за труд, – сказал Глава государства.

Президент также отметил, что Казахстан превратился в один из ключевых транзитных хабов Евразии. Через территорию страны проходят пять международных железнодорожных коридоров, связывающих крупнейшие торговые рынки мира. За последние десять лет в развитие транспортной инфраструктуры было

инвестировано около 35 миллиардов долларов. Впереди – строительство еще 5 тысяч километров и модернизация 11 тысяч километров железных дорог.

Особое внимание уделено и новым технологиям. В ближайшие годы в отрасль будут активно внедряться цифровизация и искусственный интеллект, что позволит вывести железнодорожный комплекс на принципиально новый уровень.

На церемонии также выступили министр транспорта Нурлан Сауранбаев, председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгат Алдыбергенов и Қазақстанның Еңбек Ері, ветеран железнодорожной отрасли Калтай Самбетов.

Обращаясь к Главе государства и участникам форума, ветеран напомнил, что именно с Достыка началась современная история транзитных перевозок Казахстана. Знаковым стало и то, что 30 сентября исполнилось ровно 35 лет со дня открытия станции Достык.

– 35 лет назад мы были свидетелями

исторического события – соединения железных дорог Казахстана и Китая. Сегодня Достык – это не просто станция, а стратегический центр, объединяющий Европу и Азию. Мы, ветераны, гордимся, что заложили основы этого пути и передали опыт новым поколениям. Сегодня мы стали свидетелями еще одного грандиозного проекта – строительства второй линии Достык – Мойынты протяженностью 836 километров. Это большая победа железнодорожников и всей страны. Просим Вас, уважаемый Касым-Жомарт Кемелұлы, разрешить движение по новой магистрали, – сказал Калтай Самбетов.

За годы существования через станцию перевезено более 400 миллионов тонн грузов. Для сравнения: в первый день работы в Китай ушло всего 10 вагонов – 630 тонн.

Сегодня же Достык остается сердцем транзитных маршрутов и одним из важнейших звеньев Великого Шелкового пути.

Фото с сайта www.akorda.kz

АСТЫҚ ЭКСПОРТЫ АРТТЫ



Астық экспортының айтарлықтай өсімі байқалады. Тек қыркүйек айында теміржол көлігімен 1 млн тоннадан астам астық экспортталған.

Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19% артық. ҚТЖ желісі бойынша астықты тасымалдаудың жалпы көлемі бір айда 1,3 млн тоннадан асса (2024 жылғы қыркүйекке қарағанда +28%), оның ішінде республика бойынша 318 мың тонна (+71%) жөнелтілді. Орталық Азия елдеріне 647 мың тонна (+44%) жөнелтілді, оның ішінде Өзбекстанға — 50%, Түрікменстанға — 73%, Қырғызстанға 4 еседен астам ұлғаю орын алды.

Қара теңіз порттары бағытындағы экспорт 26%, Балтық порттарына экспорт 11 есе өсті. 2025 жылдың 9 айы қорытындысы бойынша ҚТЖ желісі бойынша астық тасымалдау 9,6 млн тоннаны (+40%) құрады, оның ішінде республика ішінде — 2,3 млн тонна (+33%). Экспортқа — 7,3 млн тонна (+43%), оның ішінде Орталық Азияға — 4,1 млн тонна (+34%), Ауғанстанға — 40%, Ақтау және Құрық порттары арқылы 3 есе, ал Балтық елдеріне 14 есе өсті.

Ұлан ОРАЗ

CILF 2025: ГОРИЗОНТЫ СОТРУДНИЧЕСТВА



Дочерняя компания АО «НК «Қазақстан темір жолы» – АО «KTZ Express» представила Казахстан как ключевого логистического игрока на CILF 2025. Так, на 19-й Китайской международной выставке логистики и цепочек поставок CILF 2025 в Шаньчжэне состоялся 10-й Форум по морскому, железнодорожному транспорту и трансконтинентальным перевозкам, собравший лидеров отрасли и международных экспертов.

Здесь KTZ Express приняла активное участие в ключевых сессиях форума, представив стратегические подходы Казахстана в развитии международной логистики.

В рамках первого дня выставки компания провела ряд двусторонних встреч с представителями World Jaguar (Филиал Циндао), Nova, Global DTC, PTC, Sinotrans, CR Express, а также Asia Silk Road International (Shenzhen) Co. LTD, Paramount Transport Group и ICM Group. Стороны обсудили маршруты перевозок, тарифные предложения и возможные форматы сотрудничества в сфере логистики и транзитных перевозок.

Выставка CILF 2025 объединяет ведущих игроков отрасли и охватывает ключевые направления: портовые и судоходные операции, авиа- и железнодорожные перевозки, трансконтинентальную логистику, интеллектуальные ИТ-системы, роботизированные транспортные средства и инновационные технологии. Мероприятие стало площадкой для обмена опытом и обсуждения новых решений в сфере логистики.

С основным докладом во второй день выставки на тему «Транспортно-логистическое сотрудничество между Казахстаном и Китаем» выступил заместитель генерального директора по логистике KTZ Express Айбек Капар. В своем выступлении он подчеркнул: стремительный рост транзитного потенциала Казахстана, углубление мультимодального сотрудничества, особую значимость Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ).

Особый интерес участников вызвала панельная дискуссия «Возможности и вызовы железнодорожного экспорта Китай – Европа», где обсуждались вопросы развития инфраструктуры, повышения эффективности логистических цепочек и преодоления барьеров на пути роста объемов транзита.

Организаторами форума выступили: Ассоциация логистики и управления цепями поставок Шаньчжэня; Neptune Logistics Group; Институт исследований современного управления цепями поставок Шаньчжэня и Ассоциация услуг цепочек поставок трансграничной электронной коммерции Шаньчжэня.

Отмечено, что участие компании в столь представительной международной площадке подтверждает усилия Казахстана по укреплению своей роли как ключевого транспортного хаба Евразии.

Асель ШАЙХЫНОВА



Адил ДУЙСЕЕВ,
первый заместитель директора
Алматинского отделения
магистральной сети:

ПО ОСНОВНЫМ ПРОИЗВОДСТВЕННЫМ ПОКАЗАТЕЛЯМ АЛМАТИНСКОЕ ОТДЕЛЕНИЕ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ УВЕРЕННО ДЕРЖИТ ВЫСОКУЮ ПЛАНКУ. СТАБИЛЬНО ВЫПОЛНЯЕТСЯ ГРАФИК ДВИЖЕНИЯ, ПОВЫШАЕТСЯ КАЧЕСТВО ОБСЛУЖИВАНИЯ, А ГЛАВНОЕ – ОБЕСПЕЧИВАЮТСЯ БЕЗОПАСНОСТЬ И УВЕРЕННЫЙ РИТМ МАГИСТРАЛИ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН
ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МАМАНДАРЫ ҮШІН

140

АСТАМ ЗАМАНАУИ МОДУЛЬДІК
ҒИМАРАТ САТЫП АЛЫНАДЫ.

ҚТЖ-FA 2027-2036 ЖЫЛДАР
АРАЛЫҒЫНДА АМЕРИКАЛЫҚ
WABTES КОМПАНИЯСЫ

300

ЛОКОМОТИВ ЖЕТКІЗЕДІ.

ПОЙЫЗДАРДА СПУТНИКТІК
ИНТЕРНЕТ ІСКЕ
ҚОСЫЛҒАЛЫ ОНЫ

100 мыңнан

АСТАМ ЖОЛАУШЫ ПАЙДАЛАНДЫ.

Қазақстандық көлік апталығы ҮШЖАҚТЫ ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Алматыда өткен New Silk Way VII халықаралық көліктік-логистикалық бизнес-форумы аясында Транскаспий халықаралық көлік бағдарына тың серпін беретін құжатқа қол қойылды.

Даниял ХАМИТ,
Алматы

Қазақстан, Әзірбайжан және Грузия тараптары қатысқан жоба Транскаспий халықаралық көлік бағдарындағы «тар жерлерді» жою жөніндегі стратегиялық маңызды іс-шаралар жоспарын қамтиды. Құжатқа «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Әзірбайжан темір жолдары» ЖАҚ және «Грузин темір жолы» АҚ қол қойды.

Жоспардың мақсаты — Қытай, Орталық Азия және Еуропа арасындағы негізгі еуразиялық дәлізге айналып келе жатқан ТХКБ маршруты бойынша тасымалдаудың



тиімділігі мен үздіксіздігін арттыру. Осы мақсатта үш теміржол әкімшілігі логистикалық процестерді одан әрі интеграциялауға және маршрут инфрақұрылымын дамытуға, маршруттың дамуын синхрондауға бағытталған құжатты бекітті.

Стратегиялық құжаттың негізгі бағыттары: ТХКБ-ның бүкіл бағыты бойынша бірыңғай ұзақ мерзімді тарифті белгілеу; Бағдар бойынша өткізу қабілетін арттыру. Тараптар порт, теміржол және логи-

стикалық инфрақұрылымды дамыту, тар жерлерді жою және рәсімдерді цифрландыру жөніндегі іс-қимылдарды бірлесіп үйлестіруге уағдаласты.

Қол қойылған құжат Қазақстанның еуразиялық көлік жүйесіндегі негізгі буын ретіндегі рөлін күшейтетін тұрақты, бәсекеге қабілетті және стратегиялық маңызды бағыт ретінде ТХКБ-ны дамытудың жаңа кезеңін білдіреді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

БІРЛЕСКЕН КОММЮНИКЕ ҚАБЫЛДАНДЫ

Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) көлік министрлерінің VIII кездесуі осы ұйымның Бас хатшысы, сондай-ақ Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстан көлік ведомстволары жетекшілерінің басын қосты.

Алматыдағы «New Silk Way» VII халықаралық көлік-логистикалық бизнес-форумы аясында өткен кездесу барысында мемлекеттер арасындағы көлік саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды. Жиын қорытындысы бойынша көлік саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту жөніндегі тараптардың келісімдерін қамтитын бірлескен коммуникация қабылданды.

ТХКБ-ны дамытуға, көлік дәліздерін цифрландыруға және электрондық транзиттік рәсімдерді енгізуге ерекше назар аударылды. Теңіз тасымалын одан әрі

дамыту үшін Каспий арқылы жүк ағындарын арттыру, жаңа жүк және контейнерлік терминалдар салу, паром қатынасын іске қосу бастамалары қолдау тапты. Бұл мақсатта ТМҰ елдерінің профильдік ведомстволарының қатысуымен сарапшылардың кездесуі өткізіледі.

Сондай-ақ, теміржол әкімшіліктерінің тұрақты блок-пойыздарды ұйымдастыру жөніндегі бірлескен жұмысы, соның ішінде Баку–Тбилиси–Карс бағытын пайдалану бойынша келісім расталды. Тараптар көлік рәсімдерін цифрландыруға уағдаласты. Атап айтқанда, e-Permit, e-TIR және e-CMR

электрондық жүйелерін жедел енгізу бойынша келісімге қол жеткізілді. Мысалы, мемлекеттер арасындағы шетелдік рұқсат бланкілерімен алмасу процесі толықтай электрондық форматқа көшірілмек.

Қатысушылар қол жеткізілген уағдаластықтар өңірлік байланысты нығайтуға, сауданы дамытуға және мемлекеттер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты күшейтуге жаңа мүмкіндіктер ашатынын атап өтті. ТМҰ көлік министрлерінің келесі IX кездесуі 2026 жылы Қырғызстанда өтеді.

Нұрбек БЕКЕН

Беделсөз

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ үшін аса маңызды ірі инфрақұрылымдық жоба Достық – Мойынты темір жолындағы екінші жолдар құрылысы мәреге жетті. Осы аптада үш жылға созылған құрылыс толық аяқталып, жаңа желі салтанатты жағдайда пайдалануға берілді. Осынау қуанышты сәтті көзбен көріп, тарихи оқиғаға куә болған сала ардагерлері ізгі тілек, жылы лебіздерімен бөлісті.

Аманбай
ТӨЛЕУШИН,
Құрметті
теміржолшы:



– Кеше біз тарихи оқиғаның куәгері болдық. Достық – Мойынты теміржолының екінші жолы іске қосылды. Сонау егемендік алған жылдары алғаш рет Достық – Алашаңқай шекаралық түйіспе бекеті арқылы пойыз өтіп еді. Міне, содан бері 35 жылдай уақыт өтті. Сол кездегі Достық бекеті қазір үлкен станцияға айналып, егеменді еліміздің статусын бекіте түсті. Екі ел арасындағы достық және іскерлік қарым-қатынасымызды нығайта түсті. Қазір пойыз алмасу еселеп өсті. Ал мына екінші жолдың ашылуы, теміржолдың екінші тынысын аша түсті десек болады. Станция басындағы ЭО посты қандай керемет, бәрі ортақтандырылған, автоматтандырылған. СОБ байланыстары бәрі соңғы үлгіде. Пойыздар қозғалысы компьютер арқылы басқарылады. Бұл – сөз жоқ, үлкен жетістік!




Берік АЙТБЕКОВ,
Құрметті теміржолшы,
«ҚТЖ» ҰК»АҚ Ардагерлер
кеңесі орталық
аппаратының төрағасы:

– Достық – Мойынты теміржол учаскесінде екінші жол салынып, іске қосылуы Қазақстан экономикасының өсуіне, халқымыздың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпал ететін маңызды жоба. Қаншама жұмыс орны ашылды және ашылмақ? Ал оның еліміздің транзиттік әлеуетін көтерудегі рөлі қандай десеңізші... Қазақстанның Еуразиядағы маңызды көлік-транзит хабы ретінде позициясын нығайтып, экспорттық тасымалдың уақытын қысқартады. Бұл бизнес үшін де, халық үшін де өте тиімді. Екінші жолдың салынуымен Достық – Мойынты тәліміндегі жүк тасымалының көлемі бес есе өсіп, байдардың бір тәулікте өткізе алатын пойыздар саны 12-ден 60 жұпқа дейін ұлғаятын болады. Контейнермен жүк тасымалының жылдамдығы тәулігіне 1500 шақырымға дейін артады. Екінші жол құрылысы Достық станциясының дамуына да соны серпін берді. Үлкен терминалдар салынған. Жолдар ұзар-тылған. Контейнерлерді пойыздарға тиейтін қуатты крандар орнатылған. Инфрақұрылым жақсарған. Бір кездері аңызға айналған, құм боран тұратын, адам тұру мүмкін емес болып көрінген Достықтың қазіргі келбетіне қарап еріксіз сүйінесің.

ҚАУІПСІЗДІК АЙЛЫҒЫ ӨТТІ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Теміржол – қауіптілігі жоғары аймақ. Жыл басынан бері ел аумағындағы станцияларда 45 оқиға тіркеліп, жолды кесіп өтпек болған 26 адам қаза тапты, 21 адам түрлі жарақат алды. Олардың арасында балалар да бар...

Осыған байланысты 1–30 қыркүйек аралығында «Шара қолдан – өміріңді сақта» атты қауіпсіздік айлығы өткізілді. Айлықтың басты мақсаты – адамдардың, әсіресе балалардың теміржол бойына шығып, өмірлеріне қауіп төндірудің алдын алу. Жінішке станциясының инженер-технологі Гүлжазира Жүсіпованың айтуынша, айлық барысында мектептерде түсіндіру сабақтары өтіп, бейнероликтер көрсетілген. Теміржолшылар мен өлпінші қызметкерлері бірлесіп рейд жүргізіп, жаяу жүргіншілер өткелдері мен қоршаулар тексеріліп, қауіпсіздік белгілерін жаңарту шаралары қолға алынған. Мамандардың айтуынша, теміржолдағы жазатайым оқиғалардың негізгі себебі – қауіпсіздік ережелерін білмеу және немқұрайлық. Жаяу жүргіншілер көпірлерін пайдаланбау, құлаққаппен жүру, ішімдік ішкендердің жолдан өту т.т. факторлар адам өміріне үлкен қауіп төндіреді. Екіншіше қарай, мұндай салғырттық кейде орны толмас қайғыға әкеліп жатады. Мәселен, өткен жылдың тамыз айында Ақтөбе станциясында жас әйел баласымен бірге пойыз астына түсіп, екеуі де көз жұмды.

Теміржолшылар тұрғындарды жеке қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға шақырады. Балаларға теміржолдың қауіпті екенін түсіндіріп, оларды қараусыз қалдырмау – ата-аналардың басты міндеті.

Суретті түсірген автор

ӨТКЕЛДЕ – ЖАҢА ҒИМАРАТ

Сексеуіл жол дистанциясына қарасты теміржол өткелінде заманауи үлгідегі нысан пайдалануға берілді. Бұл – теміржолшының жұмыс орнын, әлеуметтік ахуалын жақсартуға бағытталған шаралардың бірі.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Сексеуіл

Теміржол бойындағы әр өткел – қозғалыс қауіпсіздігінің алтын дінгегі. Ал сол өткелде тәулік бойы кезекшілік ететін теміржолшының еңбегі ерен, жауапкершілігі тіпті жоғары. Осынау еңбек адамдарының қауіпсіз әрі қолайлы жағдайда жұмыс істеуіне мүмкіндік жасайтын жаңа өткел ғимаратында қажетті барлық жағдай

қарастырылған: жылыту жүйесі, демалыс бұрышы, байланыс құралдары мен жарықтандыру толық қамтамасыз етілген.

– Бұл нысан біздің теміржолшылардың қауіпсіздік мәдениетін нығайтып, өткел күзетшісінің жұмысын жеңілдетеді. Аймақ бойынша бұл үшінші нысан. Бұған дейін Бәйгекұм, Қамыстыбас станцияларындағы өткел



кезекшілерінің ескі ғимараттары сүріліп, жаңадан заманауи тұрғыда қайта салынып пайдалануға берілген болатын, – деді нысанның ашылуына қатысқан Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Ербол Саулебеков.

«Жақсыны көрмек үшін» демекші жаңа өткелдің ашылу салтанатына арнайы келген ардагерлер жолшылар игілігіне беріліп отырған нысан – теміржолшылар кәсібі мен еңбегіне деген қамқорлық деп бағалады.

Суретті түсірген автор

АТЫРАУ МЕН АСТРАХАНЬ АРАСЫНДА...



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

«Темір жол» – тарих пен болашақты жалғайтын жол» деген атпен өткен салтанатты іс-шараға аудан халқы мен теміржолшылар көп қатысты. Ганюшкино ауылы бүгінде Ақкөл болып өзгертілген, бірақ станция атауы бұрынғыша қалды. Станция өткен ғасырдың 70-жылдары мемлекетаралық маңызы бар Атырау-Астрахань темір жолы пайдалануға берілген кезде құрылған. Жарты ғасырдан астам уақыт қызмет етіп келе жатқан станцияда 12 жол бар. Жұп паркте сегіз жол болса, тақ паркте төртеу. Соның ішінде ең ұзыны 1735 метрді құрайды. Ал станция жолдарының мұндай ұзын болуы маневрлік жұмыстар жасауға қолайлы, сондықтан мұнда пойыздардың тұрып қалуы сирек. Станциядан тәулігіне 18-20 жұп пойыз өтеді.

«Теміржол станциясының 55 жылдығы – жалаң сан ғана емес, бұл – жарты ғасырдан астам уақыт бойы еңбек еткен теміржолшылардың маңдай тері мен жеткен жетістіктерінің өлшемі» деді салтанатты жиында сөз алған аудан әкімі Абат Жанғалиев. Әкім станцияда талай жыл еңбек етіп келе жатқан Ғ.Сарсембаева, И.Темірғалиев, С.Қойшиев, Ж.Құлбаева,



Е.Қуанғалиев сынды теміржолшыларға облыс әкімінің Алғыс хатын табыс етті. Аудандық мәслихат төрағасы Гүлжанат Қалиева да біраз қызметкерлерді облыстық мәслихат төрағасының Алғыс хатымен марапаттады.

Атырау жүк тасымалы бөлімшесі атынан бөлімше бастығының орынбасары Мұрат Жүгінісов құттықтау сөз сөйлеп, станцияның тарихы мен маңызына тоқталды. «Гүрьев-Астрахань теміржолы Қазақстанның батыс аймағын Орта Азиямен, Ресеймен тікелей жалғастырды. Сонымен қатар жол бойындағы ауылдар мен аудандардың әлеуметтік-экономикалық дамуына, шаруашылықтарына қажет тасымалдарды атқаруға да қолайлы жағдай туғызды. Жаңадан қаншама жұмыс орындары құрылды. Жол бойында жаңа елді мекендер пайда болды. Бүгінде 160-тан

астам адам еңбек ететін Ганюшкино станциясы 55 жылдығын толағай табыстармен қарсы алып отыр», деді бөлімше басшысы. Мерейтойға орай қырықтан астам ардагерлер мен көптеген теміржолшылар Алғыс хатпен, «Ганюшкино станциясына - 55 жыл» арнайы медалімен марапатталды. Әлбетте, темір жол - көп салалы өндіріс, мұнда жолшы, вагоншы, байланысшы, станция, күзет, электрмен қамту қызметкерлері, машинистер, басқа да көптеген мамандық иелері еңбек етеді. Марапат солардың бәрін де қамтыды. Салтанатты жиын соңында сөз алған станция бастығы Теңел Исмагулов айтулы датаны атап өтуге қолдау білдірген аудан, сала басшыларына, қонақтарға ризашылығын білдіріп, қашан да сенім үдесінен шығуға дайын екендерін жеткізді.

Суретті түсірген автор

ТҮРКСІБ СТАНЦИЯСЫНДАҒЫ БІР КҮН

Түрксіб темір жолының қазығы қағылған бұрынғы Луговой станциясы Үкіметтің «Теміржол вокзалдары кешені мен кейбір теміржол станцияларын қайта атау және станциялар транскрипцияларын өзгерту туралы» Қаулысына сәйкес Түрксіб атанғаны белгілі. Тарихи мәнге ие бірінші класты учаскелік станцияға арнайы барып, қызметімен танысып қайттық.



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Теміржол станцияларында таңертеңгі сағат тоғызда тіршілік қайнап жатады. Сағат 9.15-те келгенімізде станция кезекшілері мен маневрлік диспетчерлер, операторлар, пойыз құрастырушылар мен жүк қабылдаушылар, вагон қараушылар қарбалас тірлікке кірісіп кетіпті. Әрқайсысы өз міндетін атқарып, бірі құжат толтырып, бірі қолда бар мәліметтерді тиісті жерге жөнелтіп жатты.

Түрксіб станциясы бастығының орынбасары Тимур Қуанышұлы желі бойына шығып кетіпті. Станция кезекшісінің операторы Замира Лебаева диспетчерлік пунктке бастап барғанда, пулытте отырған Қарлығаш Тоқтанаева тақ жолдар паркіндегі он үшінші жолды босатып, жұп жолға ауыстырып жатты. Жүк пойызын Шуға жөнелтер алдында вагон қараушылардан табан тіреуіштер толық алынған-алынбағанын сұрап-тексеріп алып, жолды ашып берді.

– Түрксіб станциясында еңбек етіп келе жатқаным 22 жыл болды. Станцияда жалпы 25 жол, үш парк бар. Біреуінде пойыздар сұрыпталмай, бірден жөнелтіледі. Сұрыптау паркінде жүк пойыздары тұрады. Ал жұп паркіндегі 8 жолдың екеуі басты жол саналады, – деп мәлімет берді станция кезекшісі Қарлығаш Алиққызы.



Тәуліктік ауысымға түскен маневрлік диспетчер Дүйсен Айдос машинистерге нұсқауға сай бағыттама беріп, процесті бақылауда ұстап отыр. Саладағы еңбек өтілі 5 жылды құрайтын жас маман маневр жұмыстарын еркін өз өзіне сенімді атқарып отыр.

Диспетчерлік пунктте сол күнгі ауысымға түскендердің қатарында оператор Ержан Ахметов 25 жылдық тәжірибесі бар маман, еңбек жолын Алматыда тауар кассири болып бастаған екен. Әр жылдарда қосалқы станция кезекшісі, диспетчердің қызметтерін атқарған ол компьютерге жұп және тақ жолдардағы жолаушылар пойыздарының кестесін енгізіп жатты.

– Біздің міндетіміз – Тараз, Бішкектен хабарламалар алып, тиісінше керек ақпаратты әзірлеп жіберіп отыру. Шу, Бішкек бағытындағы қатынайтын машинистерге қай учаскеде жылдамдықты төмендету керектігін хабарлап, ескерту жасаймыз. Бір сөзбен айтқанда, ақпараттарды сараптап беріп отырамыз, – деді ол.



Вагон қабылдаушы Айбек Қожамжаров пен жүк қабылдаушы Кәмілжан Фазилтовты станцияға келіп жеткен жүк пойыздарының вагондары бойынша мәліметтерді базаға енгізіп отырған жерінен жолықтырдық. Мамандардың айтуынша, ұзақ жылғы тәжірибенің жұмысты тиінақты атқаруға септігі көп. Теміржолшылар әулетінде өскен Кәмілжан Фазиров – 29 жыл, Айбек Қожамжаров 10 жыл осы салада тер төгіп келеді екен.

– Жүк құрамдары әр кезде әрқалай, кейде көп, кейде аз болады. Кем дегенде тәулігіне 5-6 жүк пойызын қабылдай-

мыз. Вагондардың пломбасын, асты-үстің қараймыз, ақау бар ма, жоқ па, тексереміз. Тараз, Шу бағытына, көршілес Қырғыз еліне қабылдап-жөнелткен жүк бойынша ақпарат жібереміз, – дейді вагон қабылдаушы Айбек Қожамжаров.

Жалпы Түрксіб станциясы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «ЖТ - Жамбыл бөлімшесі» және «Қырғыз темір жолы – Жүк тасымалы» арасындағы түйісу пункті саналады. Қазіргі бір өзгеріс – бұрынғыдай көршілес елдердегі жүк пойыздарына шекаралық бақылау жүргізілмейді екен. Станция бастығының орынбасары Тимур Қуанышұлының айтуынша, 90-ға жуық адам еңбек ететін ұжымда төртіп қатаң. Өндірістегі жарақат және жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін техникалық сабақтар жиі өткізіліп тұрады. Еңбек қауіпсіздігін сақтаудың ережелері мен талаптарын түсіндіріліп, осы бағытта шығарылған қаулылар таныстырылып отырады.

Суреттерді түсірген автор

Казахстанская транспортная неделя



СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ЛИДЕРСТВО В ЕВРАЗИЙСКОМ ТРАНЗИТЕ

В Алматы состоялся VII Международный транспортно-логистический бизнес-форум New Silk Way – одно из ключевых событий Казахстанской транспортной недели. Форум открыл приветственным обращением Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев, которое прозвучало в прямом эфире из Акорды. Глава государства подчеркнул особую роль Казахстана как моста между Востоком и Западом и отметил значимость международного сотрудничества для дальнейшего развития глобальных логистических связей.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана – Алматы – Астана

В ходе телемоста председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгат Алдыбергенов доложил Главе государства о реализации масштабного проекта по строительству второй колеи на участке Достык – Мойынты как одного из важнейших инфраструктурных направлений, усиливающих пропускную способность Транскаспийского маршрута и укрепляющих транзитную роль Казахстана в Евразии.

В рамках форума Талгат Алдыбергенов также провел серию

стратегических встреч с представителями международных транспортных, инвестиционных и логистических организаций. Также во время бизнес-форума New Silk Way состоялось заседание экспертной группы VIII Заседания министров транспорта стран – членов ОТП; стратегическая сессия «Большая Евро-Азия: вызовы и возможности в условиях глобальных изменений; в том числе на международных транспортных коридорах»; круглый стол с участием министра транспорта РК и глав делегаций министерств транспорта других стран. Большой интерес участников вы-

звали панельные сессии «Развитие железнодорожных коридоров на Евразийском континенте»; «Авиа-транспорт будущего: устойчивость, цифровизация и интеграция в глобальные цепочки»; «Водный транспорт: вызовы и возможности в единой транспортной логистической системе»; «Искусственный интеллект в глобальных транспортных системах: роль международных организаций в применении или внедрении инноваций» и другие. Во время форума своими мыслями и планами поделились и грузоотправители. – Запуск мегапроекта ҚТЖ «Достык – Мойынты» позволит

нам, отечественным производителям, практически удвоить поставки масложировой продукции в направлении Китая. Это в краткосрочной перспективе, а в долгосрочной – утроим, а то и более. Я отдельно хочу отметить поддержку ҚТЖ для отечественных предприятий-производителей. Благодаря сплоченной работе китайский покупатель уверен в казахстанском поставщике, в быстрых сроках доставки. Это позволяет расширять наш рынок, что является показателем значимости этого проекта, – поделился эмоциями председатель Национальной ассоциации переработчиков масличных культур Ядырбай Ибрагимов.


А по мнению иностранного гостя – руководителя компании Mangal Transport & Shipping Доктора Мангала, этот форум показал, что Казахстан, как никогда, притягателен для вложения инвестиций:

– Я подготовил доклад по инвестициям в логистике и транспорте. Казахстан стабильно развивается и является надежным инвестиционным партнером. Казахстан находится на самом главном транзитном пути. Поэтому инвестиции в этом секторе нужны, и они принесут выгоду всем уже в ближайшее время.

Форум объединил более 500 участников из 30 стран – представителей государственных структур, международных организаций и частного сектора.

Платформа New Silk Way наглядно продемонстрировала стратегический курс Казахстана на укрепление позиций в глобальной логистике и формирование новых евразийских маршрутов будущего. Фото Александра ЖАБЧУКА

РАСШИРЯЯ ГРАНИЦЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ



В Алматы на территории КЦДС «Атакент» прошла 28-я Казахстанская международная выставка «Транспорт и логистика» – TransLogistic Kazakhstan 2025, которая уже зарекомендовала себя как площадка для встречи лидеров рынка, представителей государственных структур и международных партнеров, платформа для демонстрации современных решений в сфере перевозок, складской инфраструктуры и цифровизации отрасли.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

С момента основания в 1996 году выставка заслужила статус ведущего события транспортной отрасли в регионе. Организаторами выступают компании Itesa и «Атакент-Экспо», при официальной поддержке Министерства транспорта Республики Казахстан, АО «НК «Қазақстан темір жолы», национальной палаты предпринимателей «Атамекен», Ассоциации перевозчиков и операторов вагонов, Ассоциации национальных экспедиторов, Союза транспортных компаний Казахстана «KazLogistics» и Chartered Institute of Logistics and Transport Central Asia. В этом году участниками стали 303 компании из 21 страны мира, в том числе национальные группы Беларуси, Литвы, Латвии и Эстонии. Впервые в выставке участвуют представители Индии и Пакистана, что расширяет ее


географию и подтверждает международный статус. Казахстан представляют 137 компаний, среди которых – ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки», АО «Кедентранссервис», АО «Қазтеміртранс», KTZ Express, Актауский международный морской торговый порт, Сухой порт KTZE-Khorgos Gateway – развивающийся мультимодальный логистический хаб, и другие ключевые игроки отрасли. Экспозиция охватывает широкий спектр решений: от транспортных перевозок и логистических центров до складских технологий, цифровизации процессов и IT-разработок. Участники демонстрируют инновации, направленные на повышение эффективности и безопасности транспортной системы, а также предлагают подходы к развитию международных грузоперевозок. Деловая программа включает презентации инновационных решений, семинары, переговоры



и круглые столы. В частности, в рамках мероприятия прошли IV Конференция «Рынок складской логистики в Казахстане», экскурсия на современный склад Burunday Container Terminal, презентация латвийской системы «АСМТ – автоматизированное управление перевозками», а также дискуссионная сессия Expert Talks «Итоги транспортной не-

дели Казахстана: Евразия-2025 – логистика новой многополярности». Выставка TransLogistic Kazakhstan 2025 способствует привлечению инвестиций, внедрению инноваций и дальнейшему развитию транспортной отрасли, открывая новые возможности для международного сотрудничества и бизнеса. Фото Александра ЖАБЧУКА

ВМЕСТЕ ЗАБОТИТЬСЯ О ЛЮДЯХ



Работа путейцев – одна из самых тяжелых и ответственных на железной дороге. Даже в условиях кривых участков, повышенных рисков и напряженного графика сотрудники Оскеменской дистанции пути (ПЧ-37) продолжают показывать высокие результаты.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

– За семь месяцев 2025 года в нашей дистанции не зарегистрировано ни одного несчастного случая на производстве, – подчеркивает ведущий инженер по охране труда и технике безопасности ПЧ-37 Берик Байконыров. – Считаю, что это результат большой и системной работы всего нашего коллектива. По его словам, в ПЧ-37 строго следят за состоянием оборудования, проверяют средства малой механизации, портальные краны, проводят проверку диэлектрических перчаток. Ежегодно в бюджет предприятия закладываются средства на спецодежду и средства индивидуальной защиты. Только с начала года поступило 74 комплекта хлопчатобумажных костюмов, 170 пар кожаных ботинок, 350 сигнальных жилетов, а также рукавицы, аптечки, постельное



белье, теплые одеяла и даже кремы от обморожения. – Особое внимание в Оскеменской дистанции пути уделяется подготовке персонала. Для сотрудников, занятых во вредных условиях, здесь проводят ежегодную десятичасовую программу по промышленной безопасности, а для руководителей – 40-часовые курсы раз в три года. Только за первые

семь месяцев 2025 года прошло 232 технических занятия, из них 51 – практические. За это же время поступило 32 «молнии» и 13 бюллетеней – актуальные материалы по охране труда, – продолжает Берик Байконыров. Занятия по охране труда, – продолжает Берик Байконыров. Занятия по охране труда, – продолжает Берик Байконыров. Занятия по охране труда, – продолжает Берик Байконыров.

ПЧ-37 Асыл Калиаскарова. – В дистанции стало традицией отмечать вместе все значимые даты: Новый год, Наурыз, 8 Марта, День железнодорожника. Праздники здесь – это концерты, награждения и внимание к каждому члену коллектива, – говорит она. – Важное направление работы – поддержка молодежи. Студенты и школьники регулярно приходят на экскурсии в мастерские и административные здания. К 1 сентября в ПЧ-37 традиционно проводят акции «Дорога в школу», в ходе которых детям-первоклассникам вручают ранцы с канцелярскими товарами. К слову, в этом году участниками акции стали 35 детей путейцев. Оскеменская дистанция пути активно развивает конкурсы профессионального мастерства. В этом году в День охраны труда определили победителей в номинациях «Лучший кабельщик» и «Лучший стэнд по охране труда». Такие инициативы, убежден Берик Байконыров, поддерживают здоровую конкуренцию и помогают повышать квалификацию работников. – В Оскеменской дистанции пути умеют ценить каждого, кто вкладывает силы, свой профессионализм в общее дело, – уверен Берик Байконыров. Фото Берика БАЙКОНЫРОВА

УКРЕПИТЬ ПОЗИЦИИ

Любовь РОВБА,
Астана



Запуск единой транзитной системы и подготовку к эксперименту с электронными транспортными накладными в ЕАЭС обсудили на Международной промышленной выставке «Иннопром. Беларусь» в Минске.



Экспозиция собрала в столице Беларуси свыше 510 компаний, в том числе из Казахстана. Основные разделы выставки охватывают машиностроение и компоненты, металлургию, промышленные IT, автоматизацию производств и т. д.

Участники деловой программы обсудили современные решения в сфере транспортной инфраструктуры, совместные возможности развития промышленности и другие стратегически важные темы.

Так, на заседании Совета глав правительств СНГ в расширенном составе принята Стратегия сотрудничества государств – участников в развитии информационного общества и цифровой экономики на период до 2035 года и ряд других стратегических документов.

Сессия «Развитие инфраструктуры как основа экономической интеграции» стала площадкой для обсуждения вызовов и поиска решений, которые укрепят позиции ЕАЭС в глобальной экономике. При этом особо отмечена роль транспортной инфраструктуры.

В своем выступлении министр по энергетике и инфраструктуре Евразийской экономической комиссии (ЕЭК) Арзыбек Кожошев подчеркнул, что инфраструктура – это не только физические объекты, но и «артерии», обеспечивающие движение инноваций, инвестиций и торговли.

– Развитие транспортной инфраструктуры – это сердце экономической интеграции, создающее устойчивый рост и новые возможности для стран ЕАЭС и их партнеров, – заявил он.

Среди ключевых достижений ЕЭК и стран союза – реализация Комплексного плана развития евразийских транспортных коридоров, который позволяет устранить «узкие места» и повысить пропускную способность маршрутов. Около 70% транзитных перевозок в ЕАЭС осуществляется через эти коридоры, что подчеркивает их значение для интеграции экономик.

Особое внимание в выступлении уделено цифровизации на транспорте. Это внедрение навигационных пломб, запуск единой транзитной системы и подготовка к эксперименту с электронными транспортными накладными.

– Мы не останавливаемся на достигнутом. Новые горизонты требуют совместных усилий, – подчеркнул Арзыбек Кожошев, призвав бизнес, международные организации и экспертное сообщество к активному диалогу для создания инфраструктуры, которая объединяет экономики и сокращает расстояния.

Министр выразил уверенность, что итоги форума дадут импульс новым проектам и инициативам.

ВСЕ ДЛЯ УДОБСТВА ПАССАЖИРОВ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



На железнодорожных вокзалах Костанайского отделения магистральной сети завершаются ремонтные работы по подготовке к зимнему периоду.



Все лето на вокзалах региона проводилась подготовка к отопительному сезону. Строительно-ремонтные работы ведутся силами сотрудников вокзалов и ремонтно-строительной бригады Костанайского отделения магистральной сети.

– Утеплены административные и служебные помещения, проверяются отопительные, вентиляционные системы, а также система водоснабжения. Все работники вокзалов обеспечены спецодеждой и средствами индивидуальной защиты, – говорит начальник отдела по организации технологического процесса и сервиса вокзалов филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» Толеген Саматов.

Кроме этого, как сообщил Толеген Саматов, на всех десяти основных крупных вокзалах Костанайского отделения магистральной сети – Костанай, Железнодорожная, Тобол, Лисаквский, Аманкарагай, Кушмурун, Койбагор, Есиль, Державинская, Аркалык – созданы условия для безбарьерного доступа маломобильных групп населения.

Также на всех вокзалах региона ведется активная работа по повышению доходов вокзального хозяйства. С целью привлечения арендаторов на вокзалы систематически подаются объявления на сайтах и в социальных сетях. Фото автора

«ЖОЛДАР» – ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ТУРАЛЫ СЕРИАЛ

Алматыда «Жолдар» деп аталатын сериалдың түсірілімі басталды. Кинокартина теміржолшылардың күнделікті жұмысын көрсетіп, пойыз ішіндегі шынайы өмірді баяндайды. Жобаны «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Хабар» телеарнасының тапсырысы бойынша Jana Media продюсерлік орталығы түсіруде.

«Жолдар» – әзірге еліміз бойынша теміржолшыларға арналған алғашқы сериал. 15 бөлімнен тұратын сериалда негізгі оқиға жаңадан пойыз бастығы болып келген жас жігіт Асхаттың төңірегінде өрбиді. Ол бұрынғы басқару жүйесін бұзып жаңашылдық енгізуге ұмтылады. Ал, оған ұзақ жыл жұмыс істеп келе жатқан жолсеріктер көңгісі келмейді.

– Ойнайтын персонажым Ринат деген жігіт, 30 жылдан астам жолсерік болып жұмыс істеген. Пойыздың бастығы болам деп дайындалып жүрген адам. Бірақ пойыз батығы болып жас жігіт келеді. Содан екеуіміз қырылысамыз, мен оның аяғын шалғым келеді. Ұжымды өзіме қаратып, оған қарсы аяқтан шалатын кедергілер жасайтын қызық оқиғалар өрбиді. Сценарий күшті, маған қатты ұнады, – дейді актер Алмат Сақатов.

Осы жаңа маусымда «Хабар» телеарнасы көрерменге жұмысшы мамандығын дәріптейтін екі жаңа сериал ұсынады. Бірі «Жолдар» болса, екіншісі «Жарық күн». Ол коммуналдық қызметкерлерге арналған.

– Жалпы «Жолдар» телехикаясын таңдаған себеміз, менің ойымша, бізде пойызбен жүрмеген адам жоқ. Сондықтан бұл телехикаяда көрсетілген кез-келген оқиға кез келген адамға таныс, – дейді «Хабар»



телеарнасының бағдарламалық директоры Дана Мырзатай.

Жобада басты рөлдерді Дидар Төлеген, Аделина Ергалиева, Алмат Сақатов, Еділ Анарбаев, Гүлшат Тәкежанова сынды актерлар ойнайды. Оған қоса, теміржол мамандарының өздері түсетін эпизодтар да бар. Режиссер Әділет Жұмабектің айтуынша, сериал бір жарым ай түсіріледі деп жоспарланған. Түсірілім тобы оның басым бөлігін жолда, яғни, пойызда өткізеді. Қазір шығармашылық топ қызу жұмыс үстінде. «Жолдар» көп ұзамай «Хабар» телеарнасынан көрсетілетін болады.

– «Хабар» телеарнасына, бүкіл шығармашылық топқа осындай маңызды жобаны жүзеге асырып жатқаны үшін алғыс білдіреміз. «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында теміржолшыларың еңбегі еленіп, дәріптеліп жатқаны бізге де мерей, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ оңтүстік филиалының директоры Руслан Жалғасбай.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген автор

ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ...

Жамбыл теміржолының кәсіподақ ұйымы 1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай ардагер теміржолшыларға сый-құрмет көрсетті.

Зейнетке шыққанша Жамбыл бөлімшесіне қарасты құрылымдарда еңбек еткен ардагерлердің құрметіне ақ дастархан жайылды. Мерекелік іс-шарада Жамбыл ЖТ бөлімшесінің директоры Айдын Сеитбенбетов пен Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің директоры Мейрамбек Кенжебаев, Теміржолшылар кәсіподағы Жамбыл филиалының төрағасы Ерболат Жидебаев алдыңғы толқынға ізгі тілектерін жеткізіп, саланы дамытуға қосқан өлшеусіз еңбектері үшін алғыстарын жеткізді.

Үш буын өкілдерінің басқосуында айтылған әңгіме теміржол



саласының бүгіні мен ертеңіне қатысты болды. 96 жасқа келген Жамбыл вагон пайдалану депосының ардагері Әбдімомун Өтегенов өздеріне көңіл бөліп, құрмет көрсетіп жатқан сала басылыларына ақ батасын берді. Депода ұзақ жыл вагон қараушы болып адал еңбек еткен қария кезінде Ленин орденімен марапатталған.

Сала ардагерлері кеңесінің

төрағасы Бауыржан Найманбаевтың айтуынша, қазір зейнеттегі теміржолшылардың арасында ең жасы үлкені осы Әбдімомун ақсақал екен.

Жамбыл ЖТ бөлімшесі кадрлар бөлімінің бастығы Меруерт Баймұрзаева екі мыңға жуық зейнеткер теміржолшы ұдайы назарда екенін айтады. Тіпті ардагерлердің арнайы әлеуметтік картасы да жасалыпты. Соған

қарай қолдауды қажет ететін қарияларға көмек көрсетіліп тұрады екен. Быыл осы тізім бойынша 200-ге жуық әлеуметтік осал топтағы, жалғызділікті қарияларға азық-түлік себеттері таратылды. Ал бөлімше құрылымдарындағы кәсіподақ ұйымдары 600 қарияға арнап дастархан жайып, мерекелік іс-шара ұйымдастырды.

Ардақ ҰСЕЙІНОВА, *Жамбыл Суретті түсірген автор*

СЕРДЕЧНО И ПО-ДОМАШНЕМУ

К Международному дню пожилых людей 40 пенсионерам Совета ветеранов железнодорожного узла Астана вручили продуктовые наборы от АО «НК «ҚТЖ».



Традиционно к 1 октября во всех регионах страны железнодорожники посещают бывших коллег на дому, чтобы поздравить их с праздником, поблагодарить за вклад в развитие стальной магистрали страны и вручить подарки. Для ветеранов отрасли на местах проводят встречи, чаепития и другие мероприятия. В этом году Совет ветеранов

железнодорожного узла Астана организовал для своих пенсионеров круглый стол и торжественный обед. В нем приняли участие 10 бывших тружеников отрасли.

Спорт

МАШИНИСТЕР МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛДЫ

Қызылорда қаласындағы KGEK спорт аренасы бұл күні ерекше рухқа бөленді. «ҚАЗКӨЛІККӘСІП–2025 теміржол футбол лигасының кубогы» үшін өткен оңтүстік аймақтық жартылай финал дүбірлі додаға айналды.



Сала кәсіподағының 120 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылып, теміржолшылардың еңбек пен спорттағы табандылығын, бірлігін, намысын паш еткен айтулы шараға аймақ теміржолшылары өте көп жиналды. Турнирде оңтүстік өңірдің үздік үш командасы: Қызылорда (ТЧЭ–34), Арыс (ТЧЭ–32) және Шу (ЭЧ–22) құрама командалары кездесті. Алғашқы матчтан-ақ алаңдағы шиеленіс сезілді. Қызылордалық машинистер мен жамбылдық электриктер арасындағы 40 минуттық тартысты кездесуде қақпаға бағытталған соққылар толас таппады. Қызылордалықтар өз «үйіндегі» артықшылықты ұтымды пайдаланып, нәтижесінде 5:2 есебімен жеңіске жетті.

Келесі кездесу де осал өтпеді. Арыс пен Жамбыл командалары арасындағы ойын барысында шабуылдар алма-кезек жасалып, тактикалық дайындықтың жоғары деңгейі байқалды. Бұл ойында да нағыз командалық рух пен кәсіби дайындық айқын көрінді.

Шешуші сәт- жолдама үшін болған финалдық матч еді. Мұнда Қызылорда мен Арыс командалары жүзdesti. Әрбір пас, әрбір соққы, әрбір сейв – жанкүйерлер шыдамын тауысқандай... Қызылордалықтар бұл жолы да басым түсіп, қарсыласын 5-4 есебімен тізе бүктірді.

Ойын нәтижесі көрсеткендей, 3-орын - Шу электрмен жабдықтау дистанциясының командасына бұйырды. 2-орынды - Арыс локомотив пайдалану депосының командасы иеленді. Жүлделі 1-орынды жеңіп алған Қызылорда локомотив пайдалану депосының құрама командасы Астанада өтетін актық сынға жолдама алды.

Үздік ойын көрсеткен спортшылар да назардан тыс қалмады: Тараз командасының ойыншысы Ерболов Фархат - «Үздік ойыншы», Қызылорданың қырағы қорғаушысы Серікбаев Нұрбол - «Үздік қақпашы», ал қорғанысты қақ жарған Қожамұратов Баубек - «Үздік шабуылшы» деп танылды. Барлық жүлдегерлерге кубок, медаль және кәсіподақ ұйымының грамоталары табыс етілді.

Салтанатты марапаттау рәсімін жасаған «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда аймақтық филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов пен Қызылорда ЖТ бөлімшесінің кәсіподақ ұйымының төрағасы Мұхтар Көпірбаев көпшілік атынан спорт секторының жетекшісі Бақытжан Имбергеновке алғыс айтып, алдағы күндерде де осындай спорттық мерекелер жалғасын табарына сенім білдірді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда Суретті түсірген автор

СИЛЬНЕЙШИЕ В МИНИ-ФУТБОЛЕ

На стадионе «Локомотив», в районе станции Караганда-Сортировочная, состоялся межрегиональный турнир по мини-футболу на Кубок железнодорожной футбольной лиги-2025.



В мероприятии приняли участие команды северного региона – ПЧ-20 Атбасар, ДС Астана, ПЧ-21 Кушмурун и ВЧД-13 Караганда. По словам инструктора по спорту Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» Тагата Айманбетова, игра проходила по круговой системе.

– В зависимости от того, играют ли команды друг с другом один раз (однокруговая система) или два раза (двухкруговая система), определяются места участников по набранным очкам, – пояснил он.

Во время игры можно было наблюдать комбинацию динамичных действий – владение мячом, пасы, удары, непредсказуемость игры, эмоциональное напряжение, солидарность и высокое мастерство спортсменов.

По итогам матчей первое место заняла команда ВЧД-13, набравшая семь очков

ІРІКТЕУ ТУРНИРІ ӨТТІ

Маңғыстауда теміржолшылар арасында шағын футболдан іріктеу турнирі өтті. Спорттық сайыс теміржолшылар кәсіподағының 120 жылдығына орай батыс өңірлеріндегі локомотив қызметкерлері арасында ұйымдастырылды.



Атырау, Ақтөбе және Маңғыстау локомотив деполарының командалары қатысқан жарысқа белгілі себептермен оралдық команда келе алмады. Іріктеу ойынында Атырау,

Шахида ЖҰМАН, *Маңғыстау Суретті түсірген автор*

Рука помощи

В рубрике «Рука помощи» мы призываем оказать посильную поддержку коллегам-железнодорожникам, их детям и близким родственникам, а также ветеранам магистрали, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

Семья начальника производственно-технического отдела Курорт-Боровского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-10) Азамата Касенова оказалась в тяжелой жизненной ситуации. В июле 2025 года ему был поставлен диагноз «С16.0 Кардиозофаггиальный рак желудка Siewert III стадии».

К настоящему моменту он прошел четыре курса химиотерапии в Астане, требуется срочная операция. В Казахстане ее делают не сразу, при этом полностью удалят желудок, что может вызвать негативные последствия. В Индии другой протокол лечения и обещают сохранить жизненно-важный орган. Поэтому семья Касеновых решила продолжить лечение и провести операцию там.

К сожалению, для спасения жизни Азамата Касенова необходима неподъемная для семьи сумма. Каждый день без лечения отнимает у железнодорожника силы и надежду. Более 17 лет Азамат Касенов своим ответственным каждодневным трудом вносил вклад в развитие отрасли, в родном ТЧЭ-10 он прошел путь от помощника машиниста до руководителя производственно-технического отдела.

Мы призываем вас не оставаться в стороне и протянуть руку помощи столкнувшемуся с бедой коллеге. Любая ваша поддержка – это шаг к выздоровлению.

Реквизиты для помощи:

Kaspi bank по номеру телефона +7-707-121-46-66 Булат К. (отец)
Halyk bank по номеру телефона +7-707-121-46-66 Азамат К.
Номер карты Halyk: 5522 0433 5121 0263 (Азамат К.)

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі»
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өздеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Қудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдаң Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:

Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркету куәлігі берілді.